

Еуразиялық экономикалық одақтың жекелеген көрсеткіштері бойынша ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру әдіснамаларының тізбесіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 120 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру және тарату тәртібі туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 4 қосымша) 11-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың жекелеген көрсеткіштері бойынша ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру әдіснамаларының тізбесі (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 19 желтоқсандағы № 175 Шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру әдіснамасына қосымша) төмендегі мазмұндағы 17 және 18-тармақтармен толықтырылсын:

"17. Еуразиялық экономикалық одақтың өзара тікелей инвестициялар және өзара көрсетілетін қызметтер туралы ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру әдіснамасы.

18. Еуразиялық экономикалық одақтың ақша-несиелік статистикасының есептік көрсеткіштері бойынша ресми статистикалық ақпаратын қалыптастыру әдіснамасы."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының төрағасы*

Б. Сағынтаев